

байроқ, мой т.б. Өзбек тіліндегі қолданысында көне түркі тілімен сәйкес келетін тұстары көп көрінеді: тугма, мугуз, туғноғич, тегирмон.

Өзбек тіліндегі дыбыстардың сипатын А.Байтұрсынұлы жіктеулерімен салыстырғанда ең басты ерекшелік өзбек тілінде жуан-жіңішке сыңарларының болмауы, ы-і дыбыстарының қазақ тіліндегідей ажыратылмауы, үндестік заңына байланысты өзгешеліктер болып тұр. Өзбек, ұйғыр тілдеріндегі бұндай ерекшеліктер тілдің даму тарихындағы өзгерістің сипаты ретінде қыпшақ тобындағы тілдерден өзгешелігін көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегінде қазақ тілінде бес дауысты фонема және он тоғыз дауыссыз фонема бар деп көрсеткен. Мұның қазіргі 9 дауысты фонемамен сәйкес келмейтінін көреміз. Ал осылай деп көрсетіп тек жуан фонемаларды: а, о, ы, ұ және е-ні беруі ғалымның жоғары дәрежедегі фонологиялық ойлау иесі екенін көрсетеді. Бұл қазақ тілінің парадигмадағы дыбыстары, ал олардың жіңішке варианттарын А.Байтұрсынұлы жазуда жеке таңбаламай-ақ, дәйекші арқылы береді. Бұл сонымен бірге қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі – сингармонизм құбылысын жете түсінуінің айғағы.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
2. Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2015. – 456 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. Алматы: Ғылым, 1995. – 447 б.
4. Решетов В.В. Основы фонетики и грамматики узбекского языка. – Ташкент, 1963. – 201 с.
5. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 190 б.
6. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. Москва: Наука, 1988. – 146 с.
7. Кононов А.Н. Грамматик современного узбекского литературного языка. М.-Л.: Изд.АН СССР, 1963. – 166 с.
8. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. ч.1. Фонетика. Москва: Изд.АН СССР, 1955. – 334 с.
9. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград: Наука, 1970. – 204 с.
10. Махмудов А. Гласные узбекского языка. Ташкент: Фан, 1968. – 59 с.

### **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Жукеев Т.Б.*

*фил.ғ к., доцент*

*Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті*

*Қарағанды қ. Қазақстан*

Ғұлама ғалым, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің морфологиясына 1915 жылы шыққан 2 жылдық «Тіл – құрал» оқулығын арнаған. Автор сөз таптарын зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай деп 9 түрге жіктейді [1, 199-262]. Мұнда сан жағынан қазіргі қазақ тілімен сәйкес келіп тұрғанмен, еліктеуіш сөздер жеке сөз табы ретінде айтылмаған. Демеу мен жалғаулықтар дербес сөз табы қатарына саналған. Ғалым зат есімдерге анықтама беріп,

оларды мағыналық түрлеріне қарай деректі және дерексіз деп бөледі. Оларға «Зат тегінде екі түрлі. Біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иісі келетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар» деген анықтама береді [1, 199-200]. Қазір «деректі зат есімдер» және «дерексіз зат есімдер» деген терминдер әлі күнге дейін қолданылады.

Зат есімдердің көптелетінін, тәуелденетінін, септелетінін айтады. Зат есімнің тәуелденуінің екі түрін көрсетеді: оңаша тәуелдену және ортақ тәуелдену. Мысал келтірейік: «І. Оңаша тәуелдік. Жекеше: 1-нші жақта (мендік): атам, үйім ...

2-нші жақ (сендік): атаң, үйің ...

3-інші жақ (бөгделік): атасы, үйі ...

II. ортақ тәуелдік

Жекеше: 1-нші жақ (біздік): атамыз, үйіміз ...

2-нші жақ (сіздік): атаңыз, үйі» [1, 201-202].

Автор ортақ тәуелдікте, мысалдардан көргеніміздей, бір заттың бір емес бірнеше затқа ортақ екенін көрсетеді. «Қазақ грамматикасында» ортақ тәуелдеуді былай деп сипаттайды: «... меншік иесінің көптігін білдіретін түрін ортақ тәуелдеу деп, меншік иесінің жалғыз екенін білдіретін түрін оңаша тәуелдеу деп атайды. Өйткені ортақ тәуелдеуде меншіктелетін зат әр уақыт бірнеше субъектінің ортақ меншігі ретінде ұғынылады да, оңаша тәуелдеуде бір ғана субъектінің тек өзіне тән, дербес меншік ретінде ұғынылады» [2, 455]. Байқағанымыздай, А.Байтұрсынұлы ортақ тәуелдеуге берген анықтамасының қазіргі анықтамадан көп алшақтық жоқ.

Ғалым септік жалғауларының 6 түрін көрсетеді:

1. Атау септік.

4. Табыс септік.

2. Ілік септік.

5. Жатыс септік.

3. Барыс септік.

6. Шығыс септік.

Қазіргі грамматикамен салыстырғанда, көмектес септігі ғана жоқ.

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ септік жалғауы – көмектес септік. Зерттеушілер көмектес септіктің мәніне жақын септік жалғауының якут, чуваш тілінде барлығын айтады. Дегенмен, арнаулы грамматикалық тұлғасы бар көмектес септік қазақ тілінің ғана ерекшелігі. Басқа түркі тілдерінде бұл септік жалғаудың қызметін біле (білен) шылауы атқарады. Көне түркі тілінде қазақ тіліндегі – -мен септік жалғауы мен басқа түркі тілдеріндегі біле шылауының мәнін беретін арнаулы жалғау -ын, -ін, -н тұлғасы айтылған. Алайда бұл тұлға ескерткіштер тілінде бірле шылау сөзімен жарыса қолданылған.

Бірле шылауы осы тұлғада (яғни -р-мен келген) V-VIII ғасыр жазбаларында кездеседі. Ол жазбаларында бұл шылаудың басқа варианты жоқ. Ал М.Қашқари сөздігінде екі вариантта бірле, біле түрінде жазылған. Алтын Орда мұраларында («Гүлстан», «Мұхаббат-нама») бұл шылау бірле, біле, білен («Гүлстан»), бірле, біле («Мұхаббат-нама») түрінде кездессе, «Кодекс Куманиксте», хан жарлықтарында біле түрінде ғана қолданылған. Сонымен, бірле шылауының құрамындағы -р түсіп қалуы сол XI ғасырдың өзінде-ақ бұл шылаудың екі түрлі айтылғанын Махмуд Қашқари көрсетеді: «бірле-біле». Кейінгі дәуірлерде бірле түрінде айтылу оңтүстік-шығыс түркі тілдерінің үлесіне тиді де, батыс түркі тілдері -р-сіз айта бастаған. Біле шылауы (кейде бірле түрінде де) қазақ арасында XIX ғасырдың аяғына дейін қолданылған кітаби жазба тіл құрамында да бар. Біле шылауының -мен көмектес жалғауына және мен (бенен, пенен) шылау сөзіне ажырауы халықтық ауызекі сөйлеу тілінің құрамында өткен процесс. Көмектес жалғауының да, мен шылауының да ауызекі сөйлеу тілінде, жергілікті диалектілер құрамында әр түрлі фонетикалық варианттарда кездесуі соны дәлелдейді. Халықтың тіл құрамында бұл жалғау әдеби тілдегі варианттармен қатар, -мынан, -пынан, -бынан түрінде де айтылады. Әдеби тіл, жазба тілдің нормасы есебінде, жіңішке және қысқа варианттар -мен, -пен ғана қалыптасқан. Біле шылауының көмектес жалғауына айналуындағы бірінші

фактор, әрине, дыбыстардың үндесу заңдылығы (басқы б-ның м, ал соңғының -п-ға айналуы), одан соң редукция құбылысы (ықшам, жинақы сөйлеуге тырысушылық, соның салдарынан екпінсіз буынның редукциялануы) әсер еткен [3, 165-167].

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды қазақ тіліндегі көмектес септігі кейінгі дәуірде ғана пайда болған. А.Байтұрсынұлының жіктеген септік категориясында көмектес септігінің кездеспеуі – заңды құбылыс.

Ғалым сын есімнің екі мағыналық түрін атайды: «1) тек сыны, 2) сыр сыны. Тек сыны нәрсенің тегін көрсетеді», - дейді де, мынадай мысалдар келтіреді: ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша т.б. [1, 217]. Автор анықтауыштық қатынаста жұмсалған заттың неден жасалғанын білдіретін зат есімдерді сын есімнің тек сыны түріне жатқызады. Біздің ойымызша, синтаксистің нысаны мен морфологияның нысаны арасында араласу бар. Ағаш аяқ дегенде, ағаш сөзінің лексика-грамматикалық белгісі – зат есім. Сондықтан ол қандай синтаксистік байланысқа түссе де зат есімдік белгісін сақтауы тиіс. Сын есімнің сыр сыны түріне «Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, яғни түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын күйін көрсетеді. Мәселен, биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік ...» деген анықтама береді [1, 217-218]. Бұл – қазіргі қазақ тілінде сапалық сын есімдерге сәйкес келеді.

Сыр сынында үш шырай бар дейді: 1) жай шырай; 2) талғаулы шырай; 3) таңдаулы шырай. Бұлар қазіргі қазақ тіліндегі 1) жай шырай; 2) салыстырмалы шырай; 3) асырмалы шырай түрлеріне сәйкес келеді. Сын есімнің бұл мағыналық түрлерінде қазіргі қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлының «шырай» термині, «жай шырай» терминдері өзгеріссіз қолданылған.

Сан есімге мынандай анықтама береді: «Сан есім нәрселердің һәм ретін көрсететін сөздер» [1, 222]. Сан есімнің екі мағыналық түрін көрсетеді: есептік және реттік сан есімдер.

Автор есептік сан есімді екі түрге жіктейді: жай есептік сан есім және жадағай есептік сан есім.

Жай есептік сан есімдерге нөлдік формада айтылған сан есімдерді жатқызады. Мысалы: бір, екі, төрт, алты, тоғыз т.б.

Жадағай сан есімдерге -у жұрнағы арқылы айтылған жинақтық сан есімдерді жатқызады. Мысалы: біреу, екеу, үшеу, жетеу. Сондай-ақ, автор -у жұрнағы жеті санына дейін жалғанатынын ескертеді.

Реттік сан есімдерге заттың ретін көрсететін сөздер, мәселен, бірінші, екінші, үшінші, жетінші, сегізінші т.б. реттік сан есім -ншы жұрнағы арқылы жасалатынын айтады. Бұл айтылған теория қазіргі күнге дейін өзгеріссіз қолданылады.

А.Байтұрсынұлы бөлшектік сан есімдерді «темілдік» деп атап, реттік сан есімнің ішінде қарастырады. Темілдік санның жарты, жарым, ширек сөздері арқылы жасалатынын айтып, қазақ тілінде мұндай сан есімдер аз кездесетінін ескертеді [1, 222-223].

Ғалым есімдікке төмендегідей анықтама береді: «Есімдік дегеніміз есімдердің яғни зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер, мәселен, мағлұм дегеннің орнына «мен» деймін, саған сөйлегенде атыңды атаудың орнына «сен» деймін, анау баланың атын атаудың орнына «ол» деймін. «Мен», «сен», «ол» деген сөздер зат есімнің орнына жүрген себептен есімдік болады» [1, 226]. Есімдіктерді бес түрге бөледі: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) жіктеу есімдігі; 5) танықтық есімдігі.

Жіктеу есімдіктеріне қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүргендей мен, сен, сіз, ол түрлерін жатқызады. Жіктеу есімдіктерінің септелуін көрсетіп, олардың септелуінде басқа зат есімдердің септелуінен ерекшелік бар екенін айтады. Оларды мысалдармен дәлелдейді.

Сілтеу есімдіктерінің мағынасына қарай жақындағыны көрсететін болып және алыстағыны көрсететін болып бөлінеді дей келіп, мысалдармен көрсетеді. Автордың есімдіктерді түсіндіруінде қазіргі теориямен салыстырғанда еш өзгешелік жоқ.

Сұрау есімдігіне: «Сұрау есімдігі дегеніміз – біреуден бір нәрсе сұрағанда айтылатын сөздер», - деп анықтама береді [1, 227]. Оған кім? не? қайсы? қандай? нешеу? қанша? нешінші? қашан? деген есімдіктерді жатқызады. Бұның қазіргі теориядан айырмашылығы жоқ.

Жіктеу есімдіктеріне мынадай анықтама береді: «Жіктеу есімдігі дегеніміз – нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, бәрі, барша» [6, 228].

Жіктеу есімдіктеріне мына есімдіктерді жатқызады: өз (өзім, өзің, өзі), бәрі, барша. Олардың тәуелдік жалғауының 3 жағында септелуін көрсетеді. Ғалымның бұл терминді алуындағы бір кемшілік – бұл терминнің қалыптасқан «жіктеу есімдігі» (мен, сен, ол) терминімен сәйкес келіп, онымен омоним болуы.

Ғалым есімдіктің бұл түрінде өз есімдігі қарастырылған. Қазір бұл есімдік (өздік есімдігі) есімдіктің парадигмалық түрін құрайды. Ал бәрі, барша есімдіктері жалпылау есімдіктері деп аталады.

Есімдіктердің 5-түрі танықтық есімдігіне мынадай түсіндірме береді: «Танықтық есімдігі дегеніміз – нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір. Бұлар жоқтықты көрсетеді; кей, қайсыбір – бұлар түгел еместігін көрсетеді; біреу, әлдекім, әлдене – анық белгілі еместігін көрсетеді» [1, 230].

Қазіргі морфологияда ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір болымсыздық есімдіктерге жатқызылса, біреу, әлдекім, әлдене есімдіктері белгісіздік есімдіктерге жатады.

А.Байтұрсынұлы етістіктің етіс, рай, көсемше, есімше, болымды, болымсыз категорияларын атайды.

Етістің мынандай 10 түрін көрсетеді:

- |                  |                   |
|------------------|-------------------|
| 1) сабақты етіс; | 6) беделді етіс;  |
| 2) салт етіс;    | 7) ырықсыз етіс;  |
| 3) ортақ етіс;   | 8) шығыс етіс;    |
| 4) өздік етіс;   | 9) дүркінді етіс; |
| 5) өзгелік етіс; | 10) өсіңкі етіс.  |

Көрсетілген етістің сабақты және салт етіс түрлері қазіргі тіл білімінде етістіктің сабақты, салт етістік түрлері ретінде қарастырылады. А.Байтұрсынұлы етістіктің бұл түріне анықтаманы дәл және анық етіп берген. Мысалы, «Сабақты етіс дейміз – еткен іске бір нәрсе сабақталуы болса, мәселен, хат жаздым, шөп шаптым, қармақ салдым дегенде: жаздым, шаптым, салдым – істер

«Хат жаздым» дегенде жазу ісіне хат сабақталып тұр. «Шөп шаптым» дегенде шабу ісіне шөп сабақталып тұр» [1, 231].

Салт етістігіне мынадай ереже ұсынады: «Салт етістік дейміз – өткен іске сабақталып, байланып тұрған ешнәрсе болмаса, мәселен, мен жүрмін, сен тұрсың, ол отыр ...

«Жүрмін», «тұрсың», «отыр», «күлді», «жылады», «жүгірді» деген сияқты сабақсыз істі көрсететін сөздерді салт етіс дейміз» [1, 232]. Бұл анықтаманың мәні, мазмұны осы күнге дейін әлі өзгерген жоқ. Ғалымның бұл санатқа берген термині өзгеріссіз сол күйінде қолданылады.

Ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс түрлері және термин атаулары қазіргі қазақ тілінде сол күйінде өзгеріссіз қолданылады. Бұл етіс түрлеріне берген анықтамалары әлі күнге дейін күшін жоймаған. Тек жаздырды, айттырды, салдырды, алдырды сөз формаларын «беделді етіс» түріне жатқызады. Бұл етіс түрлері қазір өзгелік етіс түрінде қарастырылады.

Дүркінді етіс түріне –қыла, -кіле, -ғыла, -гіле құранды жұрнақтар арқылы жасалған етістіктің түрін жатқызады.

Рай категориясының 14 түрін көрсетеді: 1) тұйық рай; 2) билік рай; 3) ашық рай; 4) шартты рай; 5) ереуіл рай; 6) реніш рай; 7) қалау рай; 8) сенімді рай; 9) сенімсіз рай; 10) мұң рай; 11) көніс рай; 12) қайрау рай; 13) азалы рай; 14) теріс рай.

Тұйық рай түріне -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтарын жатқызады. Мысалы: карамақ, саумақ, бармақ, жанбақ т.б. [1, 234]. Қазіргі қазақ тілінде -мақ, -мек қосымшалары есімшенің формасы ретінде қаралады. Ал Ахаңның «Тұйық рай» деген термині осы күнге дейін сақталған. Тұйық рай формасына -у жұрнағы арқылы келген етістіктің түрін жатқызады.

Билік райға ғалым мынадай анықтама береді: «Билік рай дегеніміз – істі істеуге-істеуге кесіп айтқандағы сөз түрін. Нәр етістіктен түбірі мен тұқылын алып, билік рай түрінде жіктеп айтып көрейік. Болымды түрде: жазбақ (сабақты етіс), жыламақ (салт етіс), күреспек (ортақ етіс) ...; болымсыз түрде: жазбасқа, жыламасқа, күрпеске, жуынбасқа ...» [1, 235].

Ары қарай жіктік жалғауының 3 жағында жіктейді:

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	жазайын	жаз	жазсын
Күрес	күресейін	күрес	күрессін
Жуын	жуынайын	жуын	жуынсын

Ғалым райдың бұл түріне термин беруде оның мағынасын басшылыққа алған. Бір адамның екінші бір адамға билік құрып, бұйыра сөйлеуіне байланысты осындай термин ұсынған деп ойлаймыз. Қазір райдың бұл түрі «бұйрық рай» деп аталады.

Етістіктің ашық рай түріне берген анықтамасы да, термині де қазіргі күнге дейін қолданылады. Ғалым райдың бұл түріне неге «ашық рай» деген термин бергенін қарапайым тілмен былай түсіндіреді: «Ашық рай дейміз – істі ашық баяндайтын сөздің түрін» [1, 236]. Яғни іс-әрекет 3 шақтың біріне қатысты болып, ашық түрде баяндалады екен. Термин осы ұғымнан шығып отыр.

Шартты рай түріне тағайындаған термині де, теориялық анықтамасы да, -са, -се жұрнақтары арқылы жасалуы да осы күнге дейін еш өзгеріссіз қолданылып келеді.

Ереуіл райға «істейтін істің мақсұтына болымы қарсы, ереуіл болғанда айтылатын сөз түрін» деген анықтама береді [1, 240]. Оған автор мынандай мысал келтіреді: сұрасаң да бермеймін, сүйресең де ермеймін. Сонда бұл мысалдардағы сұрасаң да, сүйресең де формалары ереуіл райға жатады дейді ғалым. Біздің ойымызша, райдың бұл түрінде морфологиядан гөрі синтаксистік тәсіл басым. Себебі -саң да, -сең де деген шартты рай мен демеуліктің тіркесі арқылы қарсылықты мағына берілуі – синтаксистік тәсіл болып табылады. Қазіргі тіл білімінде мұндай райдың түрі кездеспейді. Термин беруіне келсек, қазақта «халық ереуілге шығып қарсылық көрсетті» деген сөйлем қолданымдары бар. Осында «ереуіл» деген сөз қарсылық деген мағынаны көрсетіп тұр. Осы мағынаны термин ретінде алған.

Реніш райды ғалым былай түсіндіреді: «Реніш рай дейміз – істеген-істемеген істерге реніш еткенде айтылатын сөз түрін. Мәселен: «Шақырғанда, барсамшы!», «Көрдім деп айтпасамшы!» ... деген реніш көрсететін сөздер реніш рай болады».

Реніш райдың 3 жақта жіктелуіне мысал келтіріледі:

«Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ»
Жаз	жазсамшы	жазсаңшы	жазсайшы
Күрес	күресемші	күресеңші	күресейші [1, 241].

Бұл рай қазір қолданылмайды.

Қалау райға мынадай анықтама беріледі: «қалау рай дейміз – істі көңіл қалауын көрсететін сөз түрін, мәселен, барсам екен, бармасам екен; айтсаң екен, айтпасаң екен ... деген сияқты сөздер қалау рай болады» [1, 242]. А.Байтұрсынұлы термині де, берген анықтамасы да қазіргі күнге дейін өзгеріссіз қолданылып келеді.

Содан кейінгі сенімді рай, сенімсіз рай, болжал рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай түрлері қазіргі күнде қолданылмайды.

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынұлы ұсынған райдың 15 түрінен қазір райдың 4 түрі қолданыста бар. 3 рай атауларында Ахаңның берген термині өзгеріссіз қолданылууда.

Олар: қалау рай, шартты рай, ашық рай. Бұйрық рай түрі А.Байтұрсынұлында «билік рай» деп қолданылған.

А.Байтұрсынұлы көсемшелерді 3 топқа бөледі: «Көсемше үш түрлі: 1) үнемді, 2) үнемсіз, 3) ниетті.

Үнемді көсемше – созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айта бердім, айта бердің, айта берді.

Үнемсіз көсемше – созымсыз, бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айтып бердім, айтып бердің, айтып берді.

Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз түрі. Мәселен, барғалы тұрмын, барғалы тұрсың, барғалы тұр уа ғайри солай» [1, 245].

А.Байтұрсынұлының көсемше мен есімшеге термин беруде екі түрлі тұрғыдан келгендігі байқалады. «Көсемше» терминінің түбірі «көсем» деген сөз. Бұл сөз қазақ тілінде «саяси басшы», «бастаушы», «лидер» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінің 2 томдық түсіндірме сөздігінде «көсем» сөзіне төмендегідей анықтама береді: «КӨСЕМ зат. Көпшілік мойындаған саяси қолбасшы, данышпан. Партия – жұмысшы табының саяси көсемі. Көсем ат – қысқы тар жолда түпкі аттың алдына жегілген ат. Шана артында жыландай ирелеңдеп көсем аттың құнты шұбатылып келеді (Мұстафин)» [4, 316-317]. Осы сияқты көсемше жұрнақтары да етістіктің алдында қабыса жұмсалып, етістікті бастап тұрады ғой. Сонда «көсемше» термині «көсем» сөзінің бірінші мағынасынан ұқсастық арқылы келіп шығып отыр.

Ал «есімше» термині есімше жұрнақтарының тілдік қызметінен келіп шыққан. Есімшелер тілде етістік секілді де, есім сөз секілді де қызмет атқарады. Ғалым «есімше» терминін тілдегі осындай қызметінен алған. Оны есімшеге байланысты ұсынған анықтамасынан да байқаймыз: «Есімше дейміз – есім сияқты айтылатын етістіктің түрін, мәселен, айтушы адам, шабатын ат, жазған хат дегенде «айтушы», «шабатын», «жазған» деген сөздер есімше болады. Есім сияқты дейтініміз: сын есімше «қандай?» деп сұраймыз» [1, 251]. Сонымен, «көсемше» термині ұқсастық негізінде алынса, «есімше» термині тілдегі қызметіне қатысты белгіленген.

Ғалым үстеуге мынадай анықтама береді: «Үстеу дейміз – сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді. Мәселен, «тым жақсы», «он есе», «тап өзі», «әрең келдім» уа ғайри сондай» [1, 256]. Негізгі үстеулерге (Ахаңша, түпкі үстеу) мына сөздерді жатқызады: әбден, тым, тіпті, қас, сірә, есе, тап, нақ, нағыз, әрең, дәл, дөп, дәйім, әрі, әбден, бұрын, енді, мана, әні, міне, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жория, жорта, дік.

Автор үстеулердің 5 түрін атап көрсетеді: 1) нықтаулық; 2) сынаулық; 3) өлшеулік; 4) мезгілдік; 5) мекендік.

Нықтаулық үстеулерге «басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылатын сөздерді» жатқызады. Олар: ең, бек, әбден, тым, өте, тіпті, тап (өзі), нақ (сол), нағыз, дәл (тиді), дөп (келді), қасақана, әдейі, жәдә (шаршады), тікелей (қоя берді), әсіресе [1, 257].

Үстеулердің бұл түрі қазіргі қазақ тілінде күшейткіш үстеу деп аталады. Жоғарыда көрсетілген қасақана, әдейі үстеулері қазіргі қазақ тілінде мақсат үстеу қатарында қарастырылады.

Сынаулық үстеуге автор мынадай мысал келтіреді: «жақсы оқиды, жаман жазады, сыбай қонады, жаяу жүреді дегенде, ірі жазылған сөздер қалай? деп сұрағанға жауап болып тұр (оқиды қалай? – жақсы. Жазады қалай? – жаман ...). Бұлар үстеу орнына жүретін сын есімдер» [1, 257].

Ал шалқасынан түсті, етбетінен құлады, адамша сөйледі деген мысалдарды автор үстеу орнына жүретін зат есімдер дейді.

Екі-екіден бөлді, үш-үштен алды деген тіркестердің бағыныңқы сыңарлары А.Байтұрсынұлы үстеу орнына жүретін сан есімдер деп түйеді. Бұл мысалдардан шығатын қорытынды – үстеуді айыру контекске де байланысты. Мәселен, автордың ойынша,

жақсы, жаман есім сөздері зат есімді анықтаса, сын есім болады да, етістікті пысықтаса, үстеу болады. Екі-екіден, үш-үштен мысалдары туралы да осыны айтуға болады.

Автор өлшеулік үстеуге «сынның я істің шамасын көрсететін сөздер» деп анықтама береді [1, 258]. Оларға мынадай мысалдар келтіреді: түске шейін ұйықтады, кешке дейін жатты, ауылға шейін куды (автор бұлар үстеу орнындағы зат есімдер деп ескертеді), аз берді, көп алды (бұларды автор үстеу орнындағы сын есім деп ескертеді), екі есе артық (үстеу орнындағы сан есім дейді автор), сонша әдемі, мұнша кешікті (үстеу орнындағы есімдіктер дейді ғалым). Үстеудің бұл түрі қазіргі мөлшер үстеумен сәйкес келеді. Берілген терминінде де мағына бар. Заттың мөлшерін білдіретін ұғымға өлшеу арқылы көз жеткіземіз.

Мезгіл үстеу мен мекен үстеулерінің анықтамасы мен ұсынған мысалдары бүгінгі күнгі теориямен толық сәйкес келеді.

Тұжырымдай келгенде, қазіргі қазақ тілінде үстеудің 8 түрі көрсетіледі. Солардың ішінде А.Байтұрсынұлы көрсеткен үстеу түрлерінің 2 атауы өзгеріссіз қолданылады. Ал «нықтаулық үстеуі» қазір «мөлшер үстеуі» деп, «сынаулық үстеуі» қазір «сын-қимыл үстеуі» деп, «өлшеулік үстеуі» қазір «мөлшер үстеуі» деп аталады. Ал «үстеу» терминін жасаған – ғалым А.Байтұрсынұлы.

Автор «Тіл – құралының» 1915 жылы шыққан 2-нші жылдық кітабында «демеу» мен «жалғаулықтарды» жеке-жеке сөз табы ретінде қарастырса [1, 259-261], 1-інші жылдық кітабының 1925 жылғы 5-мәрте басылуында «шылау сөздер» деген атаумен береді [1, 194-196]. Ғалым демеудің сөйлемдегі қызметін дәл анықтап, ғылыми анықтама берген: «Демеу дейміз – сөздің я сөйлемдердің арасын үйлестіруге демеу болатын сөздерді» [1, 259]. Автор демеулерге мына сөздерді мысалға келтіреді: ма (ме, ба, бе), ғой, ақ, әше, бәсе, әлде, та, тағы. Сондай-ақ, қазіргі жалғаулықтар қатарында қарастырылып жүрген өйткені, үйтпесе, әйтпесе, немесе (не емес болса), әйтсе де (алай етсе де) түрлері кездеседі [1, 259].

Жалғаулықтарға мынадай анықтама береді: «Жалғаулық дейміз – жалғау орнына жүріп, жалғау сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайтын сөздер. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде аз. Болғаны мынау-ақ: менен (бенен, мен, бен), үшін, шейін, дейін, таман, сайын, гөрі, арқылы, тақырыпты, туралы» [1, 260]. Қазіргі тіл білімі тұрғысынан қарасақ, мен шылауы ғана жалғаулық болады да, басқасы септеуліктің қатарында қарастырылып жүр. Айта кететін бір жайт – «шылау» деген терминді А.Байтұрсынұлы жасаған.

Автор одағайларды үшке бөледі: 1) Ілездік одағай: лап, шап, жұлт, жалт, зып, сып, дік, күмп, дүрс, күрс т. б.

2) Еліктеу одағай: шыр-шыр, быр-быр, сықыр-сықыр, сылдыр-сылдыр, шық-шық т. б.

3) Шақырыс одағай: құру-құру (жылқыға), пышайт-пышайт (қойға), күс-күс (түйеге) т. б.

Байқап отырғанымыздай, ғалым одағай тобында еліктеуіш сөздерді де қарастырады.

Қорыта келгенде, ғалым А.Байтұрсынұлы морфологияға қатысты 78 термин қолданған, соның 50 термині әлі күнге дейін қолданылады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі морфология саласының нағыз ғылыми тұрғыда негізін қалап, болашақ зерттеулерге жол салды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (2 томдық). – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1959. 1-том. – 337 б.